

Л.Т. Тлегенова*

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Нұр-Сұлтан
(E-mail: tlegenova_lora@mail.ru)

Қазақстандағы зиярат ету дәстүрі: тарихнамалық шолу

Мақалада Қазақстандағы зиярат ету дәстүрінің отандық тарихнамасына шолу жасалған. Зиярат етудің түп-тамыры көне дәуірлерден бастау алады. Ғасырлар бойы өзінің тарихи-мәдени мәнін сақтап қалған бұл мәдени феномен қазіргі уақытта да қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Зиярат етуді әр түрлі ғұрыптар арқылы қасиетті орындарға ғибадат жасау арқылы Құдаймен байланысу мақсатын көздейтін саяхат ретінде түсінуге болады. Әр түрлі материалдарды зерттеу барысы зиярат етудің политеистік, монотеистік діндердің ғұрыптық тәжірибесімен байланысын көрсетеді. XX–XXI ғасырлар аралығында зиярат ету мақсатындағы саяхаттар белсенді түрде дами бастады. Соңғы жылдары осы мәселе дінтанушылардың, тарихшылардың және елдегі діни туризмді ұйымдастыруды жүзеге асыратын менеджерлердің назарын аудара бастады. «Зиярат» сөзін зерттеушілер әр түрлі мағынада түсіндіреді, осыған байланысты бұл дәстүрді «зиярат ету», «діни туризм» сияқты терминдермен белгілеу орын алған. Қарастырылып отырған мәселе болашақта түрлі тәсілдерді үйлестіре отырып, кешенді және көлемді зерттеу жұмыстарының жүргізілуін қажет етеді.

Кілт сөздер: зиярат ету, тарихнама, діни туризм, зияратшылар.

Kipicne

Кез келген халықтың зиярат ету ғұрыптары әлемдік өркениеттің дамуының әр түрлілігін бейнелейтін, адамзат тарихындағы ең ежелгі құбылыстардың бірі болып табылады. Қазақстанда «зиярат», «қажылық» сөздері XX ғасырдың 90-жылдарынан кейін жиі кездесе бастады. Әсіресе, 1992 жылдың 15 қаңтарындағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңының қабылдануы діни өмірде жаңа құбылыстардың пайда болуына әсер етті [1]. Біреулер ұйымдасып немесе стихиялы түрде рухани ғибадат ету орындарына ұмтылса, басқалары туристік агенттіктердің шеңберінде «зиярат ету» мен «діни туризм» сөздерін синоним ретінде қабылдай отырып, адамдарды әр түрлі турларға тартты. Одан басқа зиярат етудің дәстүрлі құқығын дін өкілдеріне қайтару, киелі жерлерге барудың стихиялық тәжірибесін түсіну мен негіздеу әрекеттері де байқалды. Бұл мәселенің мән-мағынасы мен тарихына, сонымен қатар, оның мемлекеттік тұрғыдан ұйымдастырылуы мен реттелуіне байланысты пікірталастар мен ізденістер көп кездескенімен, ғылыми-зерттеу жұмыстары әлі де аз.

Қазақстан киелі орындар мен діни ескерткіштерге аса бай. Олар – өткен ғасырлардағы мәдениетіміздің белгілері. Осы мұралардың көпшілігі туристердің зиярат ету нысанына айналған. Ол үдеріс әсіресе, тәуелсіздік алған жылдары, өткенді қайта жаңғыртып, қоғамдық сана өзгеріске түсіп жатқан кезеңде күшейе түсті. Соған сәйкес діни туризм жыл сайын жаңа аймақтарды қамтып, жедел дами бастады. Бұл жағдай діни туризм мен киелі жерлерді зиярат етудің айырмашылығын, оларды жүзеге асыруда белгілі бір тәртіптің, реттіліктің сақталуын қажет етті. Осыған байланысты баспасөзде, ғаламторда әр түрлі пікірлер, талаптар айтыла бастады. Мысалы, журналист Ж.Қожық мынадай пікір білдірді [2]: «Еліміздегі мемлекеттің қорғалуындағы 26 мыңнан аса тарихи-мәдени ескерткіштің тең жартысы киелі Маңғыстау жерінде орналасқан. Соңғы жылдары бұл орындарға шетелдік туристер көптеп келуде. Әрине, туристік сала еліміздің экономикасын көтеріп, тарихи жерлерімізді әлемге танытуға қосар үлесі көп екені белгілі. Бірақ табыс тауып жүрген туристік фирмалардың өкілдері де жергілікті халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, діни көзқарасын жақсы білмейді. Соңғы кездері әулиелеріміздің басы еріккен туристердің жын-ойнақ жасайтын ордасына айналып барады. Шырақшылардың көбі бұрын көтеріліп ауырғандар мен түрмеден шыққан белгісіз біреулер. Бір ортақ пәтуаға келіп, «Әулиелік жерлерге зиярат етудің ортақ ережесін» қабылдауымыз қажет!».

Елдің ішіндегі зиярат ету қазіргі уақытқа дейін көбінесе аса қатаң бақылаусыз жүзеге асырылып жатса, мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қажылыққа бару мәселесіне кейінгі

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: tlegenova_lora@mail.ru (Л.Т. Тлегенова)

жылдары назар аударыла бастады. Қажылық пен умраны Қазақстандағы жекелеген туристік операторлар жүзеге асыруда. Қажылыққа, умраға барып, сол жақта 2-3 ай дәріс алып, елге келгеннен кейін басқа ағымдарды насихаттау фактілері кездесе бастады. Соған байланысты енді діни туризм мемлекеттік діни мәселемен айналысатын уәкілетті органның және республикалық діни бірлестік келісімімен солардың ережелерімен жүзеге асырылатын болды [3].

Бүгінгі таңда зиярат ету мен діни туризмге байланысты ұғымдардың, анықтамалардың, жалпы, олардың мән-мағынасының теориялық тұрғыдан әлсіз болғанына қарамастан зиярат ету үдерісі белсенді түрде дамуда. Осындай стихиялы сипат алған саяхаттар киелі жерлерге зиярат ету мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарап, оның тарихы мен мәнін, қазіргі кездегі әлеуметтік-мәдени өзгерістерге бейімделуін жан-жақты зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу әдістері

Қазақстандағы зиярат ету мәселесін қарастырудағы отандық зерттеушілердің қосқан үлесіне шолу жасау жұмыстың мақсаты болып табылады. Мақаланы жазу барысында тарихилық пен объективтілік, нақтылық және логикалық талдау сияқты жалпығылымдық және арнайы зерттеу әдістері қолданылды. Әсіресе, ғылыми дәстүрлерді тарихилық тұрғысынан зерделеу, оларды бағалаудың маңызды шарты болып табылады. Сонымен бірге, объективтілік қағидасы тарихи құбылыстар мен үдерістердің барлық күрделілігі мен қайшылықтарын қамтып, жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Аталған зерттеу әдістері тақырыптың отандық тарихнамасына шолу жасау барысында Қазақстандағы зиярат ету дәстүрінің кешенді түрде зерттелуі қажеттілігін айқындайды.

Мәселені талқылау

Зиярат ету құбылысының алғашқыда өздігінен дамып, оның дәстүрлері, рәсімдері мен әдет-ғұрыптарының қалыптаса бастағандығы белгілі. Адамдар қоршаған ортаны игере отырып, ондағы тіршілік үшін ең маңызды деген нысандарды даралап, табиғат құбылыстарымен байланыстырып, оларға қасиеттілік, киелілік мәртебесін берді. Кейіннен олар зиярат ету орталықтарына айналды. Қазақ халқының тұрмыс-салт жырларын зерттеген Б.Уахатов ертегі мен эпос сияқты халық өлеңдерінің ең ескі, көне түрлерінде де отқа, күнге, табиғатқа табынудың, ата-бабалар аруағына құлшылық қылудың неше түрлі көріністері бар болғандығын алға тартады [4; 42]. Зиярат етудің көне дәуірлерден қалыптасқандығының бір дәлелі – кейбір қазақ эпостарындағы баласыздықтан әбден зардап шеккен әке-шешенің әулие-әмбиелерге түнеп, баланың солардың шапағатымен дүниеге келуі. Олар – кейде Баба түкті шашты Өзіз, кейде қырық шілтендер. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында:

*Әулие қоймай қарады,
Құдайдан тілеп баланы.
Сайрамдағы сансыз бап,
Оған де жетіп барады.
Қайда әулие көрінсе,
Бір-бір малын шалады.
Күллі малы тамам боп...
Әулие қоймай түнеді,
Құдайдан бала тіледі.
«Бір перзент Құдай бергін» деп,
Байбөрі мен Аналық
Күндіз-түні жүреді [5; 13, 70].*

Қазақ даласына ислам діни енгеннен кейін де, халықтың исламға дейінгі наным-сенімдерден мүлдем алыстап кетпегендігі белгілі. Қазақ халқының діни нанымдарында мұсылмандық түсініктермен қатар, зороастризм және тәңіршілдіктің әдет-ғұрыптары өзінің өміршеңдігін танытты. Ш. Уәлиханов осыған байланысты «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында былай деген: «Қазақтар, әуелде, Мұхаммедті білмей тұрғанда да Алла мен Тәңірге бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдіретіне сенді, пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрмет тұтты. Халық отқа табынып, ал бақсылар болса, жын-перілерімен қоса мұсылмандардың періштелерін шақырып, Алланы да мадақтады. Осылай екі дінді араластыра табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстаған» [6; 95]. XIX ғасырда айтылған осы пікір қазіргі кезде де өзектілігін жойған жоқ.

Қазақ даласында ислам дінінің зиярат ету дәстүрі – қажылыққа да бірден бетбұра қоймады. Сопылық ағым өкілдері өздерін Шыңғыс хан ұрпақтары деп есептейтін билік өкілдерінің арасында қажылықты орнықтыруда көп еңбек етті. Дегенмен, олардың діни уағыздары көшпелілердің қажылыққа деген көзқарасының әр түрлі болуына да ықпал жасады. Оған кейбір сопылық ағымдардың Құдай жолында намаз оқу, ораза тұту, қажылыққа бару сияқты діни парыздардың орындалуын қатал талап етуге қарағанда, «адам баласын азғындыққа ұшырататын» тіршілік қызығынан бас тартып, Аллаға сүйіспеншілік арқылы құлшылық етуді дәріптеу сияқты қағидаларының орын алуы өз әсерін тигізді [7; 5-6]. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сана-сезіміне, әдет-ғұрпына сыртқы факторлардың бірден әсер ете қоймайтындығын ақын-жыраулардың шығармашылығынан да байқауға болады. Олар өз жырларында ел үшін маңызды мәселелерді көтерумен қатар, халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бастапқы қалпында сақтап қалуға тырысты. Мысалы, Ақтамберді жырау қажылыққа байланысты мынадай көзқарас білдіреді:

*Меккені іздеп нетесің,
Меккеге қашан жетесің,
Әзір Мекке алдыңда,
Пейіліңмен сыйласаң,
Атаң менен анаңды [8; 119]!*

Шал ақын өз жырларында Ақтамберді жыраудың көзқарасына ұқсас пікір айтады:

*Мекке менен Медине жолдың ұшы,
Алыс сапар дейді зой барған кісі.
Ата менен анаңды құрметтесең,
Мекке болып табылар үйдің іші [8; 211].*

Аталған мәселе кеңестік дәуірге дейінгі тарихнамада өз деңгейінде қарастырылмады. Қазақстанға келген ғалымдар, саяхатшылар және т.б. зиярат ету дәстүрі мен киелі жерлерге құлшылық жасаудың мәніне тереңдемей, көп жағдайда сипаттаумен ғана шектелді. Сол сияқты қазақтардың мұсылмандық қажылыққа бару мәселесі де үстіртін қаралды.

Кеңестік тарихнамада саяси және идеологиялық себептерге байланысты, кез келген діни тақырыптың екінші орында қалып келгендігі белгілі. XX ғасырдың 90-жылдарынан Қазақстандағы діни сананың оянуына байланысты діни тақырыптарға арналған зерттеулер де жүргізіле бастады.

Қазақтардың тұрмысындағы ислам дінінің орнын аса бай этнографиялық деректердің негізінде қарастырған Р. Мұстафина өз еңбегінде зиярат мәселесіне көңіл бөледі. Зерттеуші қасиетті орындарға құлшылық ету дәстүрі исламда кейінірек пайда болғандығын, оған исламға дейінгі және исламдық емес құлшылық элементтерінің сабақтасуы әсер етіп, соның негізінде халықтық ислам деп сипатталатын феноменнің қалыптасқандығы туралы пікірін білдіреді [9; 176]. Сонымен бірге, жергілікті әулиелердің мазарларының жоғары рухани мәртебеге ие болуының практикалық себептеріне де тоқталады. Оны өз кезегінде халықтың әлеуметтік жағдайы төмен бөлігінің мұсылмандық парыз – қажылыққа бара алмауымен байланыстырады.

Р. Мұстафина қазақ және басқа да Орта Азия халықтарында зиярат ету барысында мынадай ғұрыптардың орындалатындығын көрсетеді: зиярат орнында дұға ету; Құран сүрелерін оқу (бірінші кезекте Фатиха); сағат тіліне қарама-қарсы бағытта зиярат орнын айналу (тәуәп); молаға, құлпытасқа, есікке, табалдырыққа, қабірдің қоршауына, мазар кіреберісіне, шамдарына, ағаштарға қол тигізіп, одан кейін көзін және бетін сипау; ағаштарға киімнен кесіндіні байлау; қасиетті құдық пен бұлақтан алынған суға жуыну, дәрет алу; жануарларды құрбандыққа шалу. Зерттеуші аталған ғұрыптардың басым бөлігінің мағынасын архаикалық таным-түсініктермен байланысты қарастырады. Дәстүрлі зиярат етудің мақсаты – аурудан жазылу, күнделікті болып жатқан мәселелердің аман-есен шешілуі, өмірлік таңдау жасау және т.б. [9; 176], — деген қорытындыға келеді.

Қазақстандағы діни туризмнің тарихы мен қазіргі проблемаларын Түркістанға зиярат ету мысалында қарастырған Н. Нұртазина, діни көзқарастардың дамуымен байланысты дәстүрлер мен жаңашылдықтарға, сонымен қатар, сопылық дәстүрді жаңғыртудағы қазіргі заманғы бағыттарға назар аударады. Автор «зиярат» сөзі араб тілінен «сапар», «саяхат» деген мағынаны білдірсе, түркі халықтарының тілдерінде діни мақсаттағы жергілікті киелі орындарға зиярат етуге қатысты ғана қолданылатындығын атап өтеді [10; 32]. Сонымен қатар, зиярат етудің ерекшелігіне тоқталады: ол дәстүрлі мағынада түнеу, яғни әулие мазарының жанына міндетті түрде түнеуді қажет етеді. Түнде зияратшының түсіне «аяндар» беріліп, ем қонады. Сопылық дәстүр барлық жағдайда тек Аллаға ғана сыйынуды және зияратшының тілегін «сүйікті құлының құрметі» үшін орындауды сұрауды

уағыздайды. Анығырақ айтқанда, марқұмның рухы Алладан тілектің орындалуын сұрайды, яғни желеп-жебейді. Дегенмен, зерттеуші зиярат ету тәжірибесінде адамдардың, әсіресе әйелдердің «Алла» сөзін айтқанымен, монотеизмнен алыстап (тіпті сопылық түсініктің өзінде), нақты аруаққа ғана үміттенетіндігін айтады [10; 33].

Сонымен қатар, автор зиярат етуге байланысты Қазақстанда қалыптасқан қарама-қайшы пікірлерге мән беріп, аса маңызды мәселені көтереді [10; 31]: Қазақстанда саны артып келе жатқан мұсылман қауымының ішіндегі шартты түрде «рационалистер» деп атауға болатын бөлігінің (салафиттер, суннит-ханафиттер және т.б.) кез келген мүмкіндікті пайдаланып, Түркістанға зиярат ету, әулиелердің шапағатына сену және т.б. тәжірибелерді сынға алу құбылысы байқалады. Олардың зиярат етудің рухани пайдасы мен танымдық маңыздылығын толығымен жоққа шығарып, тіпті Ахмет Ясауидің діндарлығы мен еңбегіне күмән келтіріп тым шектен шығатын жағдайлар кездеседі. Ал, Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ҚМДБ) осындай қарама-қайшылыққа барынша сақтықпен қарап, А.Ясауидің еңбегі мен зиярат дәстүрін жоққа шығармай, дегенмен тым ырымшыл болмай, оның шегін білуге шақырады, себебі ол исламның негізгі қағидаларына қайшы келеді.

Теолог-ғалым А. Әділбаев бүгінгі күнде қоғамда өмірде кездескен барлық қиындықтардан шығудың жолы әулие аралаудан өтеді деген жалған сеніммен мәселелердің түйінін шешуді Алла тағаладан сұраудың орнына, әулиелерден сұрап, бата алу қажет деп өздері шатасқанымен қоймай, өзгелерді де адастыру әрекеттерін сынайды. Сонымен қатар, өздерін «салафит» деп атаушылар қабірлерді зиярат етуге «ширк болады» деп қарсы шығып, «Құран өлілерге емес, тірілер оқу үшін түскен кітап» деп, қайтыс болған ата-бабаларға Құран бағыштауды харамға шығарудың қателігін айтады. Осыған байланысты ғалым хадистердегі зиярат етуді құптайтын деректерді келтіріп: «Демек қабірлерді зиярат ету құпталған іс. Алайда қабірді зиярат ету қажет екен деп шектен шықпай, шарифат шеңберінде зиярат жасаудың өзіндік шарттары мен әдептерін де білу қажет» [11], — деген қорытындыға келеді және мынадай тыйымдарды көрсетеді: қабірлерді сипап, қолымен бетін сүрту; қабірлерді айналып, тәу ету; шүберек байлау; шам жағу; ақша және түрлі заттарды тастау; қабірдегі адамнан тілегінің орындалуын сұрау.

Ал, қоғамдағы дәстүрлі зиярат ету ғұрыптарының сақталуы жөнінде басқа зерттеуші Ж.Муханғалиеваның пікірінде: «Қабірлерге, әулиелерге зиярат ету – қазақ салт-дәстүрлерінің ықпалды бір бөлігі, ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие институты. Мұндай тұтас институтты халықтың санасынан сылып тастау мүмкін емес. Әрі бұл қадам аса қауіпті де. Өйткені зиярат институты жойылған жерде пайда болған бос кеңістікті міндетті түрде әсіресе деструктивті ағымдар жаулайды», — делінген [12; 8-9].

Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша түсініктеме бере отырып, зиярат ету дәстүріне тоқталады. Онда зиярат орындарының адамдар түсінігінде қасиетті, киелі деп саналғанымен, құлшылық, табыну нысаны еместігін айта келе, зиярат орындарында құлшылық етілмей, керісінше, осындай орындарда дін қағидаттарында белгіленген дағдылы құлшылық (Жаратушыға табыну) рәсімдері жасалатындығын атап өтеді. Қарастырылып отырған басылымда қазіргі уақытта зияратшылардың көп жағдайда киелі орындарға дертіне шипа немесе рухани медет іздеп баратындығы, сол жерлерде қалыптасқан рәсімдерін жасағаннан кейін қарапайым физиотерапиялық тәсілдер (минералды су ішу, шомылу, ыстық құмда жату, минералды тұздарға бай балшықтармен емделу және т.б.) орындайтындықтарын жазады. Басылым авторлары жалпы алғанда зиярат етілетін «киелі орындар» қоғамдық маңыздылығы жағынан алты факторға негізделе отырып, белгілі бір функцияларды атқаратындығын көрсетеді [13; 30]: 1) шоғырландырушы; 2) медиаторлық; 3) коммуникативтік; 4) протекторлық; 5) емдік; 6) табиғатты қорғау.

Қазақстанның киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасау барысында Ф. Камалова өзінің диссертациялық зерттеу жұмысында зиярат ету орындарын екі санатқа бөліп қарастырады [14; 118-119]: 1) Діни сипаттағы зиярат ету нысандары. Оған діндар, тақуалықпен айналысқан адамдарды; емшілік, көріпкелдік қасиеті болған әулие-әмбиелерді; ислам дінінің және сопылық негіздерінің қазақ жеріне таралуы мен орнығуына үлкен үлес қосқан тұлғаларды жатқызады. 2) Ұлттық сипаттағы зиярат ету нысандары. Бұл санатқа қазақ елінің территориясы мен Қазақ хандығының нығаюына, ұлттың мәдени құндылықтарын сақтап қалуда, қоғамның саяси-әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына үлес қосқан тұлғаларды енгізеді. Осы жіктеуге байланысты зиярат ету мақсаттарының да әр түрлі болатындығына тоқталады, яғни, зияратшылардың бір тобы әруақтардың рухын ардақтап, Құран бағыштау үшін; басқалары өзінің дәстүрлі діни дүниетанымын кеңейту мақсатында немесе киелі

жердің тылсым күштерін түсіну; сол жерлерге бару арқылы өзін басқа әлеммен байланыстыру және өзінің бірегейлігін қалыптастыру үшін; кейбірі ұлттық мақтаныш пен патриоттық сезімді арттыру мақсатында зиярат жасайтындығы айтылады.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымындағы №406 қаулысында киелі жерлер мен рухани туризмге көңіл бөлінді [15]. Онда «Қазақстанның киелі белдеуін» қалыптастыру шеңберінде ішкі туризмді дамыту бойынша қалған негізгі шаралар Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделетін болып шешілді.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына сәйкес «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар басталды. «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасы Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешені болып белгіленді. Аталған жобаны іске асыру барысында зиярат етуге қатысты мынадай шаралар қабылдау көзделді:

- нақты киелі объектілерді сыныптау;
- қажетті материалдарды (тарихи фактілер, аңыздар мен мифтер) қоса бере отырып, тарихи-мәдени объектілерді, сондай-ақ Қазақстандағы жалпы зиярат ету орындарын оқшаулау картасын әзірлеу;
- «Киелі Қазақстан» энциклопедиясын басып шығару;
- «Өңірлердің киелі ескерткіштері» кітаптар топтамасын басып шығару;
- Қазақстанның киелі географиясын зерттейтін жаңа оқу пәндерін әзірлеу және білім беру процесіне енгізу;
- инфрақұрылымды дамыту арқылы «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» картасына енгізілген объектілерді жаңғырту, сонымен қатар киелі жерлер объектілерінің инфрақұрылымдарын дамыту жөнінде жұмыстар жүргізу.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, өткен ғасырдың соңында қоғамдағы діни саланың жандануына орай, зиярат ету мақсатындағы саяхаттар жасау белсенді түрде жүргізіле бастады. Соның нәтижесінде, зиярат ету мәселесі бойынша да түрлі пікірлер де көбейді: дін өкілдері оған ислам шарияты тұрғысынан қараса, басқалары зиярат етудің дәстүрлі мағынасын қолдады. Бұл пікірталастар қазіргі кезде де толастаған жоқ. Осы жағдайдың бір себебін Қазақстандағы зиярат ету дәстүрі бойынша әлі де жеке, нақты зерттелген (жалпы тарихы, тарихи түрлері және олардың мәні, мағынасы, қызметі, маңызы және т.б.) отандық ғылыми еңбектердің жоқтығымен түсіндіруге болады. Аталған тақырып жалпы діни, киелі жерлер немесе әулие культіне байланысты зерттеулердің арасындағы бір тармақ ретінде ғана қарастырылады.

Бүгінгі күнде зиярат ету тарихына байланысты белгілі бір деңгейде материалдар базасы қалыптасты деуге мүмкіндік бар. Олардың ішінде дін, наным-сенім тақырыбына арналған әдебиеттерді атап өтуге болады. Сонымен бірге жарық көрген немесе электрондық ресурс түріндегі діни әдебиеттердегі ақпараттардың маңыздылығы жоғары. Діни әдебиеттер ғылыми тұжырымдамаларға қарағанда, негізінен зиярат етілген киелі жерлерге байланысты тарихи-мәдени тұрғыдағы сипаттамаларға басымдық береді. Зиярат ету тарихына байланысты мәліметтер белгілі бір аймаққа арналған көпшілік-танымдық еңбектер мен туристік агенттіктердің жарнамалық, ақпараттық-танымдық материалдарында да кездеседі. Сонымен қатар, аталған мәселенің деректік базасына діни тақырыптар бойынша ұйымдастырылған әр түрлі деңгейдегі конференциялардың нәтижесі ретінде жарық көрген жинақтарды енгізуге болады. Тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау, діни туризм, зиярат ету мәселелері бойынша арнайы құрылған ұйымдардың құжаттары да ақпараттық маңызға ие. Зиярат ету тарихын зерттеуде ғаламторда, әлеуметтік желілерде жарияланған зияратшылар мен саяхатшылардың пікірлері деректік қордың құнды бір тармағын құрайды. Қарастырылып отырған мәселе бойынша материалдар базасының қалыптасуы, Қазақстандағы зиярат ету дәстүрінің тарихын, теориялық-әдіснамалық негіздерін жан-жақты, жүйелі түрде түсіндіретін отандық зерттеулердің жүргізілуін қажет етеді.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы арқылы жүзеге асырылатын «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүрлер мен жаңашылдық № BR 06449588» атты жобасының шеңберінде орындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы № 1128-ХІІ Заңы [Электронды ресурс]. — Қол жеткізу тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
- 2 Әулиелі жерлерге зиярат етудің ортақ ережесін бекіту қажет! [Электронды ресурс]. — Қол жеткізу тәртібі: <https://www.elana.kz/en/>
- 3 Діни туризм өкілетті орган келісімімен жүзеге асырылады [Электронды ресурс]. — Қол жеткізу тәртібі: <https://lenta.inform.kz/ru/>
- 4 Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы / Б.Уахатов. — Алматы: Ғылым, 1983. — 160 б.
- 5 Бабалар сөзі: [Жүз томдық]. — Т. 33: Батырлар жыры. — Астана: «Фолиант», 2006. — 364 б.
- 6 Уәлиханов Ш. Тәңірі: Таңдамалы / Ш. Уәлиханов. — RS: Халықаралық Абай клубы, 2013. — 392 б.
- 7 Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX–XX ғ. басы): материалдар жинағы / құраст. және жоба жетекшісі Г.Р. Мухтарова (Абдраимова). — Алматы: Баспалар үйі, — 2009. — 592 б.
- 8 Алдаспан. ХҮ–ХҮІІІ ғасырларда жасаған қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1970. — 280 б.
- 9 Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (XIX–XX вв.). (Историко-этнографическое исследование): дис. ... д-ра ист. наук / Р. М. Мустафина. — Алматы, 2006. — 321 с.
- 10 Нуртазина Н. Религиозный туризм в Казахстане: история и современные проблемы / Н. Нуртазина // Современные проблемы сервиса и туризма. — 2009. — № 4. — С. 25–37.
- 11 Әділбаев А. Зиярат ету шарттарын білеміз бе? / А. Әділбаев [Электронды ресурс]. — Қол жеткізу тәртібі: <https://ummet.kz/>
- 12 Муханғалиева Ж. Әулиелік культінің қазақ тұрмысындағы рөлі / Ж. Муханғалиева // БҚМУ Хабаршысы. — №2 (74) — 2019. — Б. 2–10.
- 13 Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша 20 сұрақ-жауап. 8-шығарылым: діни-рухани ұғымдар / құраст. А. Әбдірәсілқызы, М. Исахан, М. Муслимов және басқалары. — Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2016. — 62 б.
- 14 Камалова Ф.Б. Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау. Филос. докт. (PhD) дис. / Ф.Б. Камалова. — Алматы, 2020. — 130 б.
- 15 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымындағы №406 қаулысы [Электронды ресурс]. — Қол жеткізу тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

Л.Т. Тлегенова

Паломничество в Казахстане: историографический обзор

Статья представляет собой обзор отечественной историографии паломничества в Казахстане. Вглубь веков уходят исторические корни паломнической традиции. Паломничество и в наши дни является составной частью современного общества как культурный феномен, на протяжении веков сохранивший свою историко-культурную сущность. Приобщение к Всевышнему является основной целью паломничества, которое происходит через поклонение святыне через проведение различных ритуалов, раскрывающих её содержание. О наличии связей паломничества с ритуальной практикой поли- и монотеистических религий свидетельствует изучение различных материалов. На рубеже XX–XXI вв. паломнические путешествия стали активно развиваться. В последние годы проблема паломничества привлекает внимание теологов, историков и менеджеров-практиков, осуществляющих организацию религиозного туризма в стране. Понятие «паломничество» исследователями рассматривается и называется по-разному: «паломничество», «религиозный туризм» и т.д. В будущем исследовательские работы по этой проблеме должны быть более комплексными и объемными, поскольку изучение данного вопроса требует сочетания различных подходов.

Ключевые слова: паломничество, историография, религиозный туризм, паломники, менеджеры-практики.

L.T. Tlegenova

Pilgrimage in Kazakhstan: historiographical review

This article is review of the national historiography of pilgrimage in Kazakhstan. The historical roots of the pilgrimage go back deeply into centuries. This cultural phenomenon, which has retained its unchanged historical and cultural origin for thousands of years, has become an integral part of the contemporary world. A pilgrimage is a journey with one main goal - is communion with the Almighty through the worship of a shrine, the content of which is revealed by different rituals. The study of various materials leads to the conclusion about the presence of genetic links between the pilgrimage and the mental foundations and ritual practice of polytheistic and monotheistic religions. At the turn of the XX - XXI centuries, pilgrimage journeys started its active development. In recent years, the problem of pilgrimage has attracted the attention of theologians, historians and practitioners who organize religious tourism in the country. The term "pilgrimage" is interpreted by authors in different ways, therefore, different terms are suggested to it: "pilgrimage", "religious tourism". The list of research studies on this issue has to be more full and comprehensive. And also the study of this issue requires a combination of different approaches.

Keywords: pilgrimage, historiography, religious tourism, pilgrims.

References

- 1 Dini senim bostandygy zhane dini birlestikter turaly. Qazaqstan Respublikasynyn 1992 zhylygy 15 qantardagy № 1128-XII Zany [Law of the Republic of Kazakhstan of January 15, 1992 N 1128-XII. «About freedom of religion and religious associations» [in Kazakh].
- 2 Aulieli zherlerge ziarat etudin ortaқ erezhesin bekіtu qazhet! [General rules of pilgrimage to holy places]. *elana.kz*. Retrieved from <https://www.elana.kz/en/> [in Kazakh].
- 3 Dini turizm uakiletі organ kelіsimіmen zhuzege asyrylady [Religious tourism is carried out with the consent of the authorized body]. *lenta.inform.kz*. Retrieved from <https://lenta.inform.kz/ru/> [in Kazakh].
- 4 Uahatov, B. (1983). *Qazaqtyn turmys-salt zhyrlarynyn tipologiasy [Typology of the ritual and everyday songs of the Kazakhs]*. Almaty: Nauka [in Kazakh].
- 5 Babalar sozi (2006). [*Words of the predecessors*]. (Vols. 100; Vol. 33). Astana: Foliant [in Kazakh].
- 6 Ualikhanov, Sh. (2013). Taniri. Tandamaly [The Lord. Custom]. RS: International Abay club [in Kazakh].
- 7 Mukhtarova (Abdraimova), G.R. (2009). Qazaqstandagy islam dini: qazhylyq (XIX-XX g. basy) [Islam in Kazakhstan: a pilgrimage (early XIX-XX centuries)]. Almaty: Publishing house [in Kazakh].
- 8 Aldaspan. (1970). *XV-XVIII gasyrlarda zhasagan qazaq aqyn, zhyraularynyn shygarmalar zhinagy [Collection of works of Kazakh poets and zhyrau XV-XVIII centuries]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 9 Mustafina, R.M. (2006). Bytovoі islam u kazakhov (XIX-XX vv.) [Domestic Islam among the Kazakhs (XIX-XX centuries)]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Russian].
- 10 Nurtazina, N. (2009). Relihiozniy turizm v Kazakhstane: istoriia i sovremennye problemy [Religious tourism in Kazakhstan: history and modern problems]. *Sovremennye problemy servisa i turizma*, 4, 25–37. Almaty [in Russian].
- 11 Adilbaev, A. (n.d.). Ziarat etu sarttaryn bilemiz be? [Do we know the rules of pilgrimage?]. *ummet.kz*. Retrieved from <https://ummet.kz/> [in Kazakh].
- 12 Muhangalieva, J. (2019). Aulielik kultinin qazaq turmysyndagy roli [The role of the cult of saints in the life of Kazakhs]. *Vatys Qazaqstan Memlekettik universitetinin khabarshysy — Bulletin of the West Kazakhstan State University*, Vol. 2, 74, 2–10 [in Kazakh].
- 13 Abdirasilqyzy, A., Isakhan, M., & Muslimov, M. et.al. (2016). Din salasyndagy ozekti maseleler boiynsha 20 suraq-zhauap. 8-shygarylym: dini-rukhanı ugymdar [20 questions and answers on topical issues in the field of religion. Issue 8: Religious and Spiritual Representations]. Astana: Research and analysis center for religion [in Kazakh].
- 14 Kamalova, F.B. (2020). Qazaqstannyn kieli zherleri: dintanulyq taldau [Holy places of Kazakhstan: a religious analysis]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 15 Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasy damytudyn 2023 zhylyga deiingi tuzhyrymdamasyn bekіtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ukımetinin 2017 zhylygy 30 mausymyndagy №406 qaulysy [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan of June 30, 2017 N 406 «on the approval of the Concept for the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan» till 2023]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/rus/docs/> [in Kazakh].